

ХАБАРЛАНДЫРУ

Мүдделі тараптармен консультация өткізу туралы

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ «Ембімұнайгаз» АҚ, VEMA S.A. және ICA-Finance AS компанияларымен бірлесіп **«Joint VEMA S.A. - ICA-FINANCE AS Implementation of Advanced LDAR Program at JSC NC KazMunayGas Upstream Oil and Gas Production Facilities in Kazakhstan»** атты метан шығарындыларын азайту жобасы бойынша мүдделі тараптармен консультация өткізілетінін хабарлайды.

Жоба «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарының өндірістік объектілерінде **advanced Leak Detection and Repair (aLDAR)** бағдарламасын енгізуді көздейді. Жоба бірнеше кезеңде іске асырылады. Бірінші кезеңде aLDAR бағдарламасын «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік объектілерінде енгізу жоспарлануда. Бағдарлама метанның шығарындылары мен ағуларын анықтауға, олардың көлемін сандық бағалауға, жоюға және алдын алуға, сондай-ақ өндірістік жабдыққа заманауи анықтау және өлшеу технологияларын қолдана отырып тұрақты мониторинг жүргізуге бағытталған.

Консультация жобаға **Verified Carbon Standard (VCS)** халықаралық ерікті көміртек жобалары стандартының талаптарына сәйкес тіркеуге дайындық шеңберінде өткізіледі.

Консультацияға мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық ұйымдардың, ғылыми қауымдастықтың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, жергілікті тұрғындар және өзге де мүдделі тұлғалар шақырылады. Қатысу жынысына, жасына, әлеуметтік жағдайына, этникалық тиесілігіне немесе шығу тегіне қарамастан барлық ниет білдірушілер үшін ашық.

Консультация барысында жоба, оның мақсаттары, жоспарланған іс-шаралары, ықтимал экологиялық және әлеуметтік әсерлері туралы ақпарат ұсынылады. Сонымен қатар VCS бағдарламасының талаптарына сәйкес жобаны валидациялау және верификациялау тәртібі түсіндіріледі. Қатысушылар сұрақтар қойып, ұсыныстар мен ескертулер бере алады. Барлық пікірлер тіркеліп, талданып, жобаны одан әрі дайындау және іске асыру барысында қаралады. Консультациядан кейін де қоғамдық талқылау кезеңінде (**Public Comment**) пікірлер мен сұрақтар қабылданады.

Өткізу форматы: офлайн қатысу және бейнеконференцбайланыс арқылы қашықтан қосылу мүмкіндігі қарастырылған.

Офлайн және бейнеконференцбайланыс арқылы консультацияға қатысу үшін мүдделі тұлғалар алдын ала тіркеліп, төменде көрсетілген байланыс деректері бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ жауапты өкіліне өтінім жолдауы қажет. Тіркеуден кейін қатысушыға бейнеконференцияға қосылу сілтемесі және қашықтан қатысу тәртібі туралы ақпарат жіберіледі.

Өткізу тілі: қазақ және орыс тілдері.

Өткізу күні мен уақыты: 2026 жылғы 14 тамыз, сағат 10:00.

Офлайн қатысу орны: Атырау қаласы, Ш. Уәлиханов көшесі, 1-үй.

Жоба және алдағы консультация туралы қосымша ақпаратты төменде көрсетілген байланыс деректері арқылы алуға болады.

Мүдделі тұлғалар консультация өткізілгенге дейін өз сұрақтарын, ұсыныстары мен ескертулерін келесі байланыс деректері бойынша жолдай алады:

«Ембімұнайгаз» АҚ

E-mail: D.Utenova@emg.kmg.kz

Телефон: 8/7122/993133

Жобаны талқылауға қатысқандарыңыз үшін алғысымызды білдіреміз.

Консультация аяқталғаннан кейін жоба туралы хабардарлық деңгейіңізді және пікіріңізді анықтау мақсатында жазбаша немесе онлайн форматта сауалнамаға қатысуларыңызды сұраймыз. Онлайн сауалнама арқылы кез келген пікірді, сұрақты, ұсынысты немесе шағымды, оның ішінде анонимді түрде де жолдауға болады. Біз алынған ақпараттың анонимділігі мен құпиялылығына кепілдік береміз және уақтылы кері байланыс ұсынамыз.